# Шалқар ауданы

Дайындаған:Мұратова Д

# Шалқар ауданы

шығысында Арал ауданы

оңтүстігінде Қарақалпақстан

Батысында Байғанин

солтүстік-батысында Мұғалжар

солтүстігінде Әйтеке би, Ырғыз



Мұғалжар





Шошқакөл бұйраты

Борсыққұм алабтары

Арал теңізі



Жер қойнауынан темір кентасы, газ (Бозой, Қызылой) тас көмір (Көкбұлақ), құрылыс материалдары барланған. Олардың кейбіреулері өндіріледі.










Жантақ
жусан
бұйырғын













Түлкі
қоян
қарсақ
дуадақ



Аумағы 7,22 $км^2$, ұзындығы 6,5 км, ені 3 км. Суы қарашаның ортасында қатып, наурызда ериді. Көлге Кәуілжір өзені құяды. Жаз ортасында тартылып, батпақты сорға айналады. Суы тұщы. Мал суаруға пайдаланылады.




Ауданда халық сирек қоныстанған. Халықтың 1 км2-ге шаққандағы орташа тығыздығы 0,7 адам. Халқының басым бөлігін қазақтар құрайды (98,6%). Одан басқа орыс (0,8%), татар (0,4%), украин, тағы басқа ұлт өкілдері тұрады. Аудандағы халықтың 55%-дан астамы Шалқар қаласына шоғырланған (25,4 мың адам). Одан басқа ірі елді мекендерге Бозой (2,2), Бегімбет (1,6), Біршоғыр (1,4), Қотыртас (1,2), Шілікті (1,2), Мөңке би (1,1), тағы басқа ауылдар жатады.






3 сәуір
дүйсенбі
2017 жыл

# АҚТӨБЕ

1924 жылдың
7 маусымынан
бастап шығып келеді

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР ҮНЕМІ НАЗАРДА БОЛАДЫ

**Біз еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің халықты әлеуметтік қорғау саласы бойынша бақылау бөлімінің басшысы Қалижан Өтемұратовпен халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін кедергісіз орта құрудың қалай жүзеге асырылып жатқаны жайында әңгімелескен едік.**

**— Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарына кімдер жатады?**

— Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарына тірек-қимыл аппараты қызметі бұзылған, арбаға таңылған мүгедектер, көру қабілетінен толық айрылған және көзі нашар көретін, есту мүшесі бұзылған адамдар жатады.

**— Олар үшін қолжетімді орта құру еліміздің қандай заңнамалық құжаттарымен қарастырылған?**

— Халықтың іс-қимылы шектеулі топтары үшін қолжетімді орта құру мәселелері негізінен еліміздің мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияны ратификалациялау және мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы нормативтік-құқықтық актілерімен айқындалған.

**— Әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіріп-шығуды қамтамасыз етуге қатысты талаптар қалай орындалуда?**

— Бұл талап заңмен міндеттелген. Арнайы белгіленген іс-шаралар жоспары бар. Қазір оның үшінші кезеңі бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Өңірлерде әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін паспорттау мен бейімдеу жұмыстарын ұйымдастыру жалғасуда.

Осы жерде халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарының әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне кіріп-шығуын қамтамасыз етуге қатысты жұмыстарға тоқталайық. Мүгедектер мен халықтың іс-қимылы шектеулі өзге де топтар да басқа адамдармен бірдей қоғамның күнделікті тіршілік-тынысына етене араласуға тең құқылы. Бұл адамдар да түрлі көрсетілетін қызметтерді алу үшін оларды көрсететін мекемелер мен ұйымдарға барады. Түрлі ойын-сауық отауларында болып, спорттық шараларға қатысады. Сондай жағдайда олардың аталған объектілерге еркін кіріп шығуын қамтамасыз ету мекемелер мен ұйымдардың басшыларына заңмен жүктелген.

**— Қоғамдық ғимараттарда мүмкіндігі шектеулі жандарға қандай қызметтер көрсетіледі?**

— Ақпараттық-анықтамалық қызметтерінің қарастырылуы, жекеленген бөлмелер мен қабырғадағы есік жақтауларының нормаларға сәйкес келуі, кіре беріс есіктеріндегі табалдырықтар биіктігінің белгіленген нормадан жоғары болмауы, есту мүшесінің қызметі бұзылған адамдарға көзге көрінетін мәтін, белгілер, таңбалар, жарық белгілері түрінде берілетін ақпараттық тасымалдағыштар, зағиптар мен нашар көретін тұлғалар үшін брайль қарпі бар ақпарат құралдары қарастырылуы қажет.

Мүгедек оқушыларға арналған оқушы орындары бір оқу орны мекемесінің бір типті бөлмелерінде бірдей орналасуы керек.

Тамақтандыру және сауда-тұрмыстық көрсету кәсіпорындары бойынша да қойылатын арнайы талаптар бар. Спорт және денешынықтыру-сауықтыру мақсатындағы объектілер бойынша да ескеретін шаралар жеткілікті. Спорт құрылысы жанындағы киім ілетін бөлмелерде жаттығатын мүгедектер үшін кресло-арбаларды сақтауға арналған орындар қарастырылуы қажет.

**Аманқос ОРЫНҒАЛИЕВ.**

## АРДАГЕРДІҢ АЛҒЫСЫН АЛДЫ

**Жуырда облыстық мамандандырылған күзет қызметі басқармасы 1-полиция батальоны №2 взводының полицейлері зейнеткерлікке шыққан әріптестері Нина Прокофьеваның үйіне барып, ардагерге құрмет көрсетті.**

Нина Прокофьева ішкі істер саласында 25 жыл абыройлы қызмет еткен. Ардагер бүгінде тағдыр тауқыметімен екі бірдей баласынан айырылып, солардан қалған үш немересін өзі тәрбиелеп отыр. Кейуананың ендігі арманы — немерелерін жетілдіріп, қатарға қосу.

Взвод полицейлері ардагердің хал-жағдайын біліп, сый-сияпат жасады. Ардагер қызметтестеріне өзінің әңгімесі мен естеліктерін айтып, ақ тілегін жаудырды. Полицейлер осылайша ардагердің алғысын алып, мәз-мейрам болды.

**А.ДОСМҰРЗИН,**
**взвод командирі,**
**полиция капитаны.**
**Ақтөбе қаласы.**








Назарларыңызға
рахмет!